

*Ж.Т.Дәулетбекова*  
*п.ғ.д., профессор*  
*Абай атындағы*  
*ҚазҰПУ*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ СЕРПІЛІСТЕР ЖАСАУДЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ**

*In the article the innovative new directions and its opportunities are discussed.*

Жаһандану жағдайында ұлттың тәуелсіздігі мен рухани құндылықтарын сақтаудың тетігі – тіл. Тіл адамзаттың табиғи болмысымен бірге жаратылған күрделі құбылыс болғандықтан, әр ұлттың дүниені қабылдау, тану, талдау, бейнелеу көрсеткіші болып саналады. Әр ұлттың өз рухани болмысы, өмір сүру салты, жан дүниесі, тарихы мен тегі тіл арқылы жалғасын табады. Осы қасиеттер тілдің ұлт тағдырындағы орнын айқындайды. Сондықтан тілді таныту мен меңгерудің заманға сай жетілдірілуі ұлт тағдырының шешілуіне, ұрпақтың рухани салауатты болуына кепілдік береді.

Бәсекелестік өмір салтына енген бүгінгі ғаламдану үдерісінде «Мәңгілік елдің мәңгілік тілін» сақтау мен «Ұлы Далаға» иелік ету мәселесінің шешімі жас буынның өз тіліне деген қатынасына тікелей тәуелді. Сондықтан көптілді меңгерген тұлға қалыптастыруда қазақ тілінің доминанттық рөлін күшейту талабы Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде бұл пәннің оқытылуында инновациялық серпілістер жасауды қажет етіп отыр. Өкінішке орай, қазіргі таңда инновациялық серпіліс жасау ұғымын басқаша түсіну етек алып тұр. Бүгінгі өркениетті елдердің білім саласын дамытудағы басты тенденциясы – **инновациялардың енгізілуінің елдегі ұлттық дәстүрлерге және ұлттық негіздерге қарсы келмеуі**. Бізге де дәл осы ұстанымды басшылыққа алу қажет. Әсіресе, ұлттық тіл, діл, рух қалыптастыратын гуманитарлық пәндердің білім мазмұнына келгенде аса сақ болу керек. Мәселен, қазақ тілін, әдебиетін, тарихын оқытуды жаһандануға ыңғайлаудан гөрі, керісінше, бұл пәндерді сол жаһанданудың түрлі қауіп-қатерінен сақтайтын рухани-мәдени иммунитетті күшейтетіндей бағытта жетілдірудің жолдарын іздеу – міндет, табу – мұрат.

Өзгермелі дүниенің дүрбелеңін желеу етіп, жыл сайын білім мазмұнын, жүйесін «жаңарту» әдетке айналып барады. Жыл сайын оқу бағдарламаларын өзгерту, соған сай «жаңа» оқулықтар жазу білім жүйесінің дамуына оң ықпал етпейді. Керісінше, жүйеден жаңылдырып, түсініксіздікке әкеледі. Ал мұның барлығының зардабын алдымен бала, мұғалім мен мектеп, білім беру жүйесі тартады. Әрине, жаңарту қажет. Бірақ ол бел ортадан киіп кетпей, әбден зерттеліп, зерделеніп барып жүзеге асуы тиіс. Оқу жүйесіне қатысты өзіміздегі ізгі дәстүрлеріміз бен ұлы тұлғаларымыз бекіткен қағидаларды білім берудің жаңа тенденцияларымен, әлемнің сыннан өткен озық тәжірибелерімен ұштастыру ғана алға жылжуымызға мүмкіндік береді. Бұл жерде бізге керегі жалаң декларация тұрғысындағы үгіт-насихат емес, «Мәңгілік елдің» мәңгілік дінін берік ететін жас ұрпақтың бойына өмірлік дағды мен бәсекелестікке бейімділік қабілеттерді дарыту. Инновациялық серпілістерді ұлттық құндылықтарымыздың ішкі қуатын жандандырып, білім беруді жаңартуға негіз болатын тетіктерін табудан бастау ләзім.